## Мәслихаттың 2011 жылғы 20 қыркүйектегі № 471 "Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

*Күшін жойған*

Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 2012 жылғы 27 шілдедегі № 51 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 3 тамызда № 9-14-181 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 71 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 2012.12.20 № 71 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңының 6-бабына сәйкес Қостанай аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Мәслихаттың "Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы" 2011 жылғы 20 қыркүйектегі № 471 шешіміне ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 9-14-158 нөмірімен тіркелген, 2011 жылғы 21 қазанда "Арна" газетінде жарияланды) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 1-тармағының 3) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"3) мамандандырылған туберкулезге қарсы медициналық ұйымнан шығарылған, туберкулезбен ауыратын тұлғаларға, табыстарын есепке алмай, қосымша тамақтануға, біржолғы, 10 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;";

көрсетілген шешімнің 1-тармағының 8) тармақшасы жойылсын;

көрсетілген шешімінің "Жергілікті өкілді органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау және төлеу" мемлекеттік қызметті алу үшін қажетті құжаттар тізбесі" қосымшасында:

2-тармағының 3) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"3) мамандандырылған туберкулезге қарсы медициналық ұйымнан шығарылған, туберкулезбен ауыратын тұлғаларға, табыстарын есепке алмай, қосымша тамақтануға:

емделуде болғанын растайтын, тиісті медициналық ұйымнан анықтама;";

2-тармағының 8) тармақшасы жойылсын.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қостанай аудандық мәслихатының кезекті сессиясының төрағасы В. Двуреченский*

*Қостанай аудандық мәслихатының хатшысы А. Досжанов*

*КЕЛІСІЛДІ:*

*Қостанай ауданы әкімдігінің "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы*

*___________ В. Панин*

*Қостанай ауданы әкімдігінің "Экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы*

*_________ З. Кенжегарина*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК